

## Ауған соғысы

## ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ КЕЗДЕСУ

Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтында «Бейбіт күнде Ауғанда от кешкендер» атты кездесу өтті. Бұл іс-шара әлемдік тарихтағы қасіретті оқиғалардың бірі – Ауған соғысынан Кеңес әскерінің шектеулі контингентінің шығарылғанына 36 жыл толуына арналды.

Мәліметтерге сүйенсек, XX ғасырдың ең ұзақ қантөгіс ретінде тарихқа енген соғысқа интернационалдық борышын өтеу үшін ерімдей жас шағында аттанған қазақстандық 22269 сарбаздың 924-і ұрыс алаңында ерлікпен қаза тапса, 1015 адам мүгедек болып оралған, ал 19 адам із-түсізіз жоғалып кеткен.

Оқ пен оттың арасынан аман келген майдангер азаматтардың бірқатары әлі де әскери қызметін жалғастырып жүрсе, енді бірқатар ардагер жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруге атсалысып, өз тәжірибелерімен бөлісіп, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып жүр.

Аталған іс-шараның ұйытқысы болған Ауған соғысының ар-

дагері, Ақтөбе облыстық мәслихатының депутаты, Қазақстан Республикасы Ауғанстан соғысы ардагерлерімен мүгедектерінің заңды тұлғалар бірлестігінің орталық кеңесі төрағасы Марат Қойлыбаев алғашқы кәсіби даярлық курсының тыңдаушыларына рухты, батыл азаматтардың ерлігі туралы баяндап, бейбіт өмірімізді қадірлей білуге шақырды.

Институт бастығы, полиция полковнигі Ғалымжан Есболаев оқу орнында әскери борышын Ауғанстанда атқарған азаматтарға құрмет көрсетіп, құрбан

болған боздақтарды еске алу шаралары тұрақты түрде өткізілетінін атап өтіп, М.Қойлыбаевқа құнды мәліметтермен бөліскені үшін Алғыс хат пен сыйлық табыстады.

Тыңдаушылар патриоттық әндер шырқап, көрініс қойды. Отансүйгіштікке баулитын келелі кеңестер болашақ полицейлердің өз қызметтеріне деген қызығушылықтарын арттыра түсті деуге болады.

Кездесу кешінен соң институт тыңдаушылары арасында «Мас-рестлинг» жарысы өткізілді. Тартысты өткен доданың жеңімпаздары институт бастығының алғыс хаттарымен марапатталды.

**Ж.НҮРМҰХАМБЕТОВА, институттың ақпараттық саясат бөлімшесінің бастығы.**

## «ЕҢБЕК ЖОЛЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНКУРСЫНА ҚАТЫСЫҢЫЗ!

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлтық кәсіпкерлер палатасы, Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар Федерациясы және жергілікті атқарушы органдар «Еңбек жолы» конкурсын өткізу бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес «Еңбек жолы» конкурсын 2025 жылы өткізу туралы хабарлайды.

«Еңбек жолы» конкурсы жастарды еңбекті құрметтеу рухында тәрбиелеу, еңбек дәстүрлерін сақтау, көбейту мақсатында және үздік еңбек әулеттері мен өндіріс жұмыскерлерін айқындауға мүмкіндік береді. Конкурс «Жалпыға ортақ еңбек қоғамы» ұранымен Еңбек адамының қоғамдағы беделін арттыруға және өнімді еңбекті ынталандыруға ықпал етеді.

Конкурсты өткізу мақсаттары:

- 1) ұрпақтар сабақтастығын сақтау;
- 2) еңбек адамдары туралы оң қоғамдық пікір қалыптастыру және еңбек әулеттерін жұру үшін кәсіпорындар мен ұйымдарда жағдайлар жасау;
- 3) қазақстандықтарда Қазақстан Республикасының экономикасын дамытуға елеулі үлес қосқан отандастарының жетістіктері үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу;
- 4) жастарды еңбекке құрметпен қарау, еңбек дәстүрлерін сақтау және көбейту рухында тәрбиелеу;
- 5) «Жалпыға ортақ еңбек қоғамы» аясында еңбек адамының қоғамдағы мәртебесін арттыру және еңбек өнімділігін ынталандыру.

Конкурс жыл сайын 2 (екі) кезеңде өткізіледі: өңірлік және республикалық.

Конкурсқа мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, салаға қарамастан кәсіпорындардың барлық қызметкері қатыса алады.

Конкурсқа қатысушылар ұсынған материалдар негізінде конкурс жеңімпаздарын анықтау жөніндегі республикалық және өңірлік комиссиялар мынадай номинациялар бойынша жеңімпаздарды анықтайды:

**1) Үздік еңбек әулеті.**

Бұл номинацияға ең ұзақ еңбек өтілі, ең көп марапаттары бар әулет таңдалады.

Еңбек әулеті — бір отбасының жақын туыстарының екі және одан да көп ұрпағы болып табылатын (ерлі-зайыптылардың бірі немесе екеуі балаларымен немесе немерелерімен), қазіргі уақытта еңбек қызметін жүзеге асыратын және осы кәсіпорында жұмыс істейтін екі елі кемінде 20 жыл болатын бір ұйымның жұмыскерлер тобы. Еңбек қызметін бәрінен бұрын бастаған еңбек әулетінің өкілі әулеттің басшысы болып танылады.

Еңбек әулеті ауылдың, ауданның (қаланың, облыстың) қоғамдық өміріне белсенді қатысуға, жастарды кәсіптік бағдарлауға жәрдемдесуге, өз кәсібін насихаттауға тиіс;

**2) Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері.**

Бұл номинацияға кемінде 20 жыл жұмыс өтілі бар ең жоғары тәлімді тәлімгер таңдалады.

**3) Өндірістің үздік жас маманы.**

Бұл номинацияға жұмыс өтілі 5 жылдан аспайтын ең белсенді және еңбекқор өндіріс жұмыскері таңдалады;

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынылады:

Конкурсқа қатысушылар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына екі данада қағаз және электрондық жеткізгіштерде келесі материалдарды ұсынады:

- 1) номинация көрсетілген, еркін нысандағы конкурсқа қатысу туралы өтінішті;
- 2) жеке көшірмені;
- 3) номинация тақырыбы бойынша 1-2 минуттан артық бейнероликті (қалауы бойынша жұмыс орны және дағдылары көрсетілген);
- 4) конкурсант туралы (жұмысы, отбасы, қызығатын ісі, хобби және т.б.) 1 минуттан аспайтын компьютерлік презентация (Microsoft Power Point форматында);
- 5) еңбек әулетінің әр өкілінің немесе жұмыскердің жұмыс өтілін растайтын, жұмыс беруші куәландыратын еңбек кітапшасының және өзге де құжаттардың көшірмелері (жұмыс орнынан анықтама);
- 6) жұмыс берушіден немесе кәсіподақтан ұсынатын хат.

Бар болған жағдайда (келесі құжаттардың көшірмелері): мемлекеттік немесе ведомстволық наградалардың, грамоталардың, Алғыс хаттардың көшірмелері біліктілікті арттыру туралы сертификаттар (бар болса).

**Конкурсқа құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде ұсынылады.**

Конкурсты өткізу мерзімдері: сәуірден бастап 1 шілдеге дейінгі мерзімде өңірлік деңгейде үміткерлерден материалдар мен өтінімдерді қабылдау;

1 тамызға дейінгі мерзімде «Еңбек жолы» республикалық байқауының облыстық комиссиямен өңірлік деңгейдегі жеңімпаздарды анықтау;

қыркүйекте өңірлік еңбек форумдарында жеңімпаздарды марапаттау;

10 тамызға дейін «Еңбек жолы» байқауының өңірлік деңгейінен жеңімпаздардың материалдарын ҚР ЕХӘҚМ-не әрі қарай республикалық деңгейде қатысу үшін ұсыну;

1-15 қыркүйек мерзіміне республикалық комиссиямен «Еңбек жолы» республикалық байқау деңгейінің жеңімпаздарын анықтау;

қыркүйек айына «Еңбек жолы» конкурсының жеңімпаздарын «Жалпыға ортақ еңбек Қоғамына» республикалық форумда марапаттау.

Осыған сәйкес республикалық «Еңбек жолы» конкурсына белсенді атсалысуларыңызды сұраймыз.

Нақты ақпарат пен кеңесті Ақтөбе қаласы, Маресьев көшесі, 101 мекенжайында орналасқан Ақтөбе облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының 305-қаб., тел.: 56-81-26, басқарманың веб-сайты: www.aktobe.gov.kz.

**«Еңбек жолы» республикалық конкурсына қатысыңыз!**

## «Ақтөбе облысы Хромтау аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерден ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

| № | Жер учаскесінің орналасқан жері (ауылдық округтен қашықтық, орташа қашықтық, км, жер учаскесінің лот №) | Жер учаскесі беріледі:                     |                                | Аймақтың ауылшаруашылық мамандануы | Жер учаскесінің жалпы ауданы, га, Жалдау мерзімі, жыл | Алқаптардың құрамы, оның ішінде |         |          |                | Топырақтың сапалық сипаттамасы, орташа балл бонитет | Сумен қамтамасыз етілуі | Басқа |
|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------|--------------------------------|------------------------------------|-------------------------------------------------------|---------------------------------|---------|----------|----------------|-----------------------------------------------------|-------------------------|-------|
|   |                                                                                                         | шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін |                                    |                                                       | Егістік                         | Жайылым | Шабандық | Басқа алқаптар |                                                     |                         |       |
| 1 | Көктау ауылдық округі, 1-лот                                                                            | шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін | Ауыл шаруашылығы өндірісі үшін | Астық шаруашылығы, мал шаруашылығы | 522 10 жыл                                            |                                 | 521     |          | 1,0            | Қара-қоңыр, 19                                      | -                       | -     |

## ЕСКЕРТПЕ

Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурстарға қатысу үшін келесідей құжаттар ұсынады:

- 1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;
- 2) конкурстық ұсыныс;

## Конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану және жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы

дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртарапандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін — қатынасушының қолымен және заңды тұлғалар үшін — бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурстық өткізу туралы хабарлама алғаш рет жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң, он бес жұмыс күні ішінде өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі.

**Конкурстық өтінімдер 2025 жылдың 28 сәуірі-21 мамыры аралығында қабылданады.**

**Конкурс 2025 жылы 22 мамырда сағат 14.00-де Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы,**

**Республика көшесі №784 (аудан өкімдігі) мекенжайында өтеді.**

Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында, ауылдық округтердің және Хромтау аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады.

Қазақстан Республикасы Министрлігінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығымен бекітілген шаруа немесе фермер қожалығына, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру туралы конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын «Әділет КЗ» заңдар сайтынан қарап, танысуға болады.

Толық ақпаратты: «Хромтау аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі» ММ-нен мына байланыс телефондары арқылы 8 (71336) 5-95-63 алуға болады.

Конкурсқа қатысуға құжаттар Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, Республика көшесі №784 (аудан өкімдігі) мекенжайында қабылданады.

## «ҚазГеоруд» ЖШС

ҚР Экологиялық кодексінің 73-бабының талаптарына сәйкес 2025 жылғы 30 сәуірде сағат 15.00-де, Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Бөгетсай а.о., Бөгетсай а., Молдағұлов к-сі, 9 (Мәдениет үйінде), «Ақтөбе облысы Хромтау ауданы, Қопа ауылдық округінде орналасқан «Лиман» кен орнының өнеркәсіптік алаңынан Ақтөбе облысы Хромтау ауданында орналасқан «Ақтөбе Мыс компаниясы» ЖШС тау-кен байыту комбинатына дейін, Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, 20-53 учаскесі көлемінде кен тасымалдауға арналған автожол салу «жұмыс жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп», 4 және 59,4-92,6 км (4 кезек) материалдары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecorportal.kz>), сондай-ақ сайтта <https://www.gov.kz/memleke/entities/aktobe-zher-paidalanu?lang=ru> танысуға болады.

Барлық ескерту мен ұсыныс бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecorportal.kz>) қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecorportal.kz>) және сайтта <https://www.gov.kz/memleke/entities/aktobe-zher-paidalanu?lang=ru> ұсынылатын болады.

## Онлайн қосылуларға сілтеме:

<https://us04web.zoom.us/j/9318401523?pwd=UE04RlBkCFRlSHW5SE5UQ2xDOFZUUT09>

Конференция идентификаторы: 931 840 1523.

Кіру коды: 7wrlUKe.

Қосымша ақпаратты: Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Бөгетсай а.о., Бөгетсай а., Молдағұлов к-сі, 9 (Мәдениет үйі).

Ұсынылып отырған қызмет түрінің операторы: «ҚазГеоруд» ЖШС

Мекенжайы: Ақтөбе қ., Маресьев көшесі, 4 үй.

БИН: 050640010572.

Тел: +7 702 333 2455.

Жобаны өзірлеуші: «E.A.Group Kazakhstan» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, О.Кошевой көшесі, №113, 50. БСН: 190540023876. Тел: +7 705 478 00 43.

## «ҚазГеоруд» ЖШС

ҚР Экологиялық кодексінің 73-бабының талаптарына сәйкес 2025 жылғы 30 сәуірде сағат 11.00-де Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Копин а.о., Копин а., Мәншүк к. 22, «Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Қопа ауылдық округінде орналасқан «Лиман» кен орнының өнеркәсіптік алаңынан Көктау кентінде, Хромтау ауданында, Ақтөбе облысында орналасқан «Ақтөбе Мыс компаниясы» ЖШС тау-кен байыту комбинатына дейін жылына 1400 мың тн көлемінде кен тасымалдауға арналған автожол салу жұмыс жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп облыстар, учаске 0-20км. (1-кезек) (сметалық құжаттамасыз) материалдары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecorportal.kz>), сондай-ақ сайтта <https://www.gov.kz/memleke/entities/aktobe-zher-paidalanu?lang=ru> танысуға болады.

Барлық ескерту мен ұсыныс бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecorportal.kz>) қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecorportal.kz>) және сайтта <https://www.gov.kz/memleke/entities/aktobe-zher-paidalanu?lang=ru> ұсынылатын болады.

## Онлайн қосылуларға сілтеме:

<https://us04web.zoom.us/j/9318401523?pwd=UE04RlBkCFRlSHW5SE5UQ2xDOFZUUT09>

Конференция идентификаторы: 931 840 1523.

Кіру коды: 7wrlUKe.

Қосымша ақпаратты: Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Копин а.о., Қопа а., Мәншүк к. 22

Ұсынылып отырған қызмет түрінің операторы: «ҚазГеоруд» ЖШС.

Мекенжайы: Ақтөбе қ., Маресьев көшесі, 4 үй.

БИН: 050640010572.

Тел: +7 702 333 2455.

Жобаны өзірлеуші: «E.A.Group Kazakhstan» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, О.Кошевой көшесі, №113, 50. БСН: 190540023876. Тел: +7 705 478 00 43.

ГАЗЕТТІ БІЗДІҢ САЙТЫМЫЗДА ОҚЫҢЫЗ [www.aqtobegazeti.kz](http://www.aqtobegazeti.kz)

ЖАРНАМА БӨЛІМІ 90-71-55

[aktobesmi@mail.ru](mailto:aktobesmi@mail.ru)

**Ақтөбе**  
ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Меншік иесі: «АҚТӨБЕ МЕДИА» ЖШС

Газет 1974 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған

Директор Раукен ОТЫНШИН

Директордың орынбасары Айгүл НҮРКЕЕВА

Бас редактор Сәтжан ДӘРІБАЙ

Жауапты хатшы Динара САНГУЛОВА

**АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ БӨЛІМІ:**

Бөлім меңгерушісі Данагүл ҚАЗИХАН

Тілшілер Мейрамгүл САТАЕВА, Кәмшат ҚОПАЕВА, Ақмарал МҰҚАШЕВА

**МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БӨЛІМІ:**

Бөлім меңгерушісі Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ, 90-92-37

Тілшілер Индира ӨТЕМІС, Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

**ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:**

Бөлім меңгерушісі Айбек ТАСҚАЛИЕВ

Тілшілер Нұрмұханбет ДИЯРОВ, Арайлым НҮРБАЕВА, Айдана АЛТЫБАЕВА

**МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БӨЛІМІ:**

Бөлім меңгерушісі Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ, 90-92-37

Тілшілер Индира ӨТЕМІС, Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

Сайт редакторы Аслан СЫДЫҚОВ

Беттеуші Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА

Теруші Гүлмара АЙНАЗАРОВА

Корректорлар Қалдыгүл МЫРЗАТАЕВА, Ақзат ЖИЕНАЛИНА

Жазылу және тарату бөлімі 90-71-67

Жарнама бөлімі 90-71-55

Мекенжайымыз: 030012, Ақтөбе қаласы, Тілеу Батыр көшесі, 10.

Қабылдау белмесі: 90-71-61.

Сайт: [www.aqtobegazeti.kz](http://www.aqtobegazeti.kz)

E-mail: [aktobegazeti@mail.ru](mailto:aktobegazeti@mail.ru)

Аптасына 2 рет шығады.

Таралымы 15108 Тапсырыс №339

Немірдің кезекші редакторы Данагүл Қазихан

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, №КЗ70УР00061916 куәлігі берілген.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Басылым сапасы жөнінде баспаханадағы мына телефонға хабарласуға болады: 400-400.

Газет «Хабар - Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, А.Смағұлов көшесі, 9/2) басылды

